

«Мейіргер ісінің негіздері» пәні бойынша Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы

1.Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

2.Міндеті: Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3.Мазмұны: 09130100 - «Мейіргер ісі» мамандығы, 4S09130103 – «Жалпы практикадағы мейіргер» біліктілігіне арналған «Мейіргер ісінің негіздері» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	«Мейіргер ісі негіздері» пәніне кіріспе.	01	Мейіргер ісінің даму тарихы мен философиясы. Медициналық этика, деонтология, биоэтика.
02	Медициналық ұйымдардың құрылымы, типтері. Медициналық ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру.	02	Медициналық ұйымдардың негізгі түрлері.
		03	Пациентті стационар бөліміне қабылдау. ТРИАЖ жүйесі бойынша сұрыптау.Емдеу бөлімшелеріне тасымалдау.
		04	Өзін-өзі күтім жасау тапшылығы бар пациентке күтім көрсету принциптері. Ойылудың алдын алу.
03	Пациенттерді тамақтандыру	05	Медициналық ұйымда емдік тамақтануды ұйымдастыру. Ауыр халдегі пациенттерді тамақтандыру.
		06	Жасанды тамақтандыру әдістері.
04	Пациенттің функционалдық жағдайын бағалау. Қан айналым жүйесіне әсер ететін емшаралар.	07	Термометрия. Тыныс алуды бақылау. Импульстік тексеру. Қан қысымын өлшеу.
		08	Пульсті зерттеу. Қан қысымын өлшеу.
		09	Қарапайым физиотерапиялық процедураларды қолдану.
05	Дәрілік терапияның әдістері мен тәсілдері	10	Ем шара бөлмесінің жұмысын ұйымдастыру. Дәрілік заттарды энтеральді және сыртқы қолдану әдістері.
		11	Дәрілік заттарды парентерады енгізу әдістері.Дәрілік заттарды көктамырға тамшылатып енгізу, бір реттік жүйені құрастыру.
06	Пациенттерді әртүрлі зерттеу әдістеріне дайындау.	12	Пациентті лабораториялық зерттеуге дайындау (зәр, нәжіс, қақырық).
		13	Пациентті аспаптық зерттеу әдістеріне дайындау.

07	Әр түрлі ағзалардың қызметі бұзылысы кезіндегі мейіргерлік үрдіс	14	Мейіргерлік үрдіс. Мейіргерлік үрдісті ұйымдастыру кезеңдері. Тыныс алу, жүрек –қан тамыр жүйесі, ас қорыту жүйесінің қызметі бұзылған кездегі Мейіргерлік үрдіс. (Оксигенотерапия). Асқазанды жуу (Клизма, стома)
		15	Зәр шығару, Эндокриндік жүйесінің қызметі бұзылысы кезіндегі мейіргерлік үрдіс.
Контекстік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық мәліметтер, сурет және т.б.)			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Мейірбике ісі түсінігі, медициналық ұйымдардың түрлері, ауыр науқастарды күту, жеке бас гигиенасы, тамақтандыру, энтеральды, парентеральді және дәрілік заттарды сыртқа қолдану жолдары. Объективті, субъективті, зертханалық және аспаптық зерттеу әдістері, тыныс алу жүйесі, жүрек-тамыр жүйесі, ас қорыту жүйесі, қан жүйесі, эндокриндік жүйе және зат алмасу аурулары бар науқастар.

5.Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларының орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1 – 1,5 минутты құрайды.

8.Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Мейірбике ісінің негіздері, 2007, Мұратбекова С.Қ.
2. Терапиялық клиникадағы науқастың жалпы күтімі, 2019, Ослопов В.Н.
3. Науқас адамдарды жалпы күту, 2013, Санов С.
4. Мейірбике ісі негіздері, 2013, Нурманова М.Ш., Матакова Ж.Т., Бейскулова Э.Т.
5. Мейірбикелік іс негіздері пәніне практикалық басшылық, 2014, С.А.Мухина., И.И. Тарновская., Қ.Ж.Ахметов
6. Мейіргерлік істегі қауіпсіздік және сапа, 2021, Сариева К.Х.
7. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 24 тамызда № 24094 болып тіркелді.

8. Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР- ДСМ-27 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 наурызда № 27218 болып тіркелді.
9. "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 тамызда № 21080 болып тіркелді.
10. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-19 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 ақпанда № 22230 болып тіркелді.
11. Дәрілік заттарды таңбалау мен қадағалау және медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 ақпанда № 22146 болып тіркелді.
12. Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 30 наурыздағы № 49 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 наурызда № 32160 болып тіркелді.